

PHILIPS

Портативті
радиоқабылдағыш

2000 сериясы

TAR2509



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына веб-сайтта өніміңізді тіркеп, қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2
	Тыңдау Қауіпсіздігі	2
	Ескертпе	3
2	Сіздің портативті радиоқабылдағышыңыз	3
	Кіріспе	3
	Қорапта не бар	3
	Портативті радиоқабылдағышты шолу	4
3	Жұмысты бастау	4
	Батареяларды орнату	4
	Қуатты қосу	4
4	FM/AM радиосын тыңдай аласыз	5
	Радио станцияларға баптау	5
	Дыбыс деңгейін реттеу	5
	Құлаққаптарды қосу	5
	Үнді реттеу	5
5	Өнім туралы ақпарат	6
6	Ақаулықтарды жою	6

1 Маңызды

Қауіпсіздік

- Осы нұсқауларды оқып шығыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Ешбір желдету саңылауларын бұғаттамаңыз. Өндірушінің нұсқауларына сай орнатыңыз.
- Ешбір жылу көздерінің жанында орнатпаңыз мысалы, радиаторлардың, жылытқыштардың, плиталардың немесе жылу тудыратын басқа құрылғылардың (соның ішінде, зорайтқыштардың).
- Қуат сымын, әсіресе аша мен розетка аймақтарының және портативті радиоқабылдағыштан шығатын жерінің басылып не қысылып қалуына жол бермеңіз.
- Тек өндіруші көрсеткен тіркемелерді/қосалқы құралдарды пайдаланыңыз.
- Найзағай кезінде немесе ұзақ уақыт пайдаланылмайтын кезде, бұл құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.
- Бүкіл қызмет көрсетуді білікті қызмет көрсету мамандары орындауы керек. Қызмет көрсету құрылғы қандай да бір жолмен зақымдалса керек болады, мысалы, қуат сымы немесе аша зақымдалса, құрылғы ішіне сұйықтық төгілсе немесе заттар құласа, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал әсер етсе, қалыпты жұмыс істемесе немесе түсіріп алына.
- Батареяны пайдалану бойынша САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ — Дене жарақатына, мүліктің зақымдалуына немесе портативті радиоқабылдағыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін батарея ағуын болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды дұрыс орнатыңыз, + және - құрылғыда белгіленгендей болуы керек.
 - Құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, батареяларды шығарыңыз.
 - Батарея күн сәулесіне, отқа немесе сол сияқты шамадан тыс қызуға ұшырамауы керек.
- Бұл портативті радиоқабылдағышқа қандай да бір сұйықтықтың тамшылауына не шашырауына жол беруге болмайды.
- Портативті радиоқабылдағышқа ешбір қауіп көзін қоймаңыз (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жанып тұрған шамдар).

Тыңдау Қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз:

- Құлаққаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану сіздің есту қабілетіңізді нашарлатуы мүмкін. Бұл өнім бір минуттан азырақ уақыт бойы тыңдаған кезде де қалыпты адамның есту қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін болған децибел диапазондарында дыбыс шығара алады. Жоғары децибел диапазондары ықтималды түрде есту қабілетін жоғалтқандар үшін ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өте келе сіздің есту қабілетіңіздегі «жайылық деңгейі» жоғары дыбыс деңгейлеріне бейімделеді. Сондықтан ұзақ уақыт тыңдаудан кейін «қалыпты» болып естілетін дыбыс деңгейі шын мәнінде сіздің есту қабілетіңіз үшін қатты және зиянды болуы мүмкін. Бұның алдын алу үшін, есту қабілетіңіз бейімделмей тұрып, дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге қойып, сол деңгейде қалдырыңыз.

Қауіпсіздік дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс реттегішін төмен деңгейге орнатыңыз.
- Дыбысты ыңғайлы және анық ести алғанша бұрмаласыз баяу арттырыңыз.

Ақылға қонымды уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт бойы, тіпті әдеттегі «қауіпсіз» деңгейде болса да тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Жабдықты қисынды түрде пайдаланып, тиісінше үзілістер жасап тұрыңыз.

Құлаққаптарды пайдалану кезінде келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Қисынды уақыт кезеңдерінде қисынды дыбыс деңгейлерінде тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделген кезде дыбыс деңгейін реттемеу үшін абай болыңыз.
- Дыбысты айналыздағылар естілмейтіндей қатты көтермеңіз.
- Қауіп ықтималдылығы бар жағдайларда сақтықпен қолдануыңыз немесе пайдалануды уақытша тоқтатуыңыз керек. Моторлы көлік айдағанда, велосипед тепкенде, скейтборд тепкенде және т.б. кездерде құлаққаптарды пайдаланбаңыз; ол көлік қозғалысына қауіп тудыруы мүмкін және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.

Ескертпе

Бұл өнім Еуропалық қоғамдастықтың радио кедергілерге қойылатын талаптарына сай. Осымен, TP Vision Europe B.V. компаниясы бұл өнімнің RED 2014/53/EU директивасының және Ұлыбританияның SI 2017 №1206 Радиожабдықтар туралы регламентінің негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support бетінде табуға болады.



Бұл өнім Еуропалық қоғамдастықтың радио кедергілерге қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен компоненттерден әзірленген.



Бұл таңба бұл өнімді тұрмыстық қоқыс ретінде тастауға болмайтынын және тиісті жинау орнына қайта өңделу үшін жіберілуі керектігін білдіреді. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен қайта зарядталатын батареяларды қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге ешқашан қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.



Бұл таңба өнім (EU) 2023/1542 еуропалық директивасымен қамтылған, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыру мүмкін емес батареяларды қамтитынын білдіреді. Электрлік және электронды өнімдер мен батареяларды жинайтын жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы біліңіз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

2 Сіздің портативті радиоқабылдағышыңыз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/support бетінде тіркеңіз.

Кіріспе

Бұл портативті радиоқабылдағышпен сіз

- FM/AM радиосын тыңдай аласыз



Қорапта не бар

Орауыштың құрамын тексеріңіз және идентификациялаңыз:

- Негізгі блок
- Қуат сымдары
- Қысқаша бастау нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы
- Кепілдік

Портативті радиоқабылдағышты шолу

- ① **Телескопиялық антенна**
 - FM қабылдауын жақсартады.
- ② **TUNING**
 - FM/AM режимінде станцияны дәл баптайды.
- ③ **Дыбыс деңгейі/Қосулы**
 - жиынтығын қосыңыз.
 - дыбыс деңгейін реттейді.
- ④ **Диапазон ауыстырып-қосқышы**
 - толқын диапазонын таңдайды: FM немесе AM.
- ⑤ **TONE**
 - NEWS немесе MUSIC режимін таңдайды.
- ⑥ 
 - 3,5 мм құлаққап ұяшығы.
- ⑦ **LED индикаторы**
 - FM сигналы құлыпталғаннан кейін жанады.
- ⑧ **Радиожиілік нұсқары**
- ⑨ **Батарея бөлімі**
- ⑩ **AC IN**
 - 220-240 В 50-60 Гц.



3 Жұмысты бастау

Осы тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.


Батареяларды орнату



Сақтық ескерту

- Жарылыс қаупі! Батареяларды ыстықтан, күн сәулесінен және оттан алшақ ұстаңыз. Батареяларды ешқашан отқа тастамаңыз.
- Батареялардың құрамында химиялық заттар бар, сондықтан оларды қоқысқа тиісінше тастау керек.
- Батарея түрлерін араластырмаңыз: мысалы, сілтілі батареяны көміртекті мырыш батареясымен. Жинақ үшін тек бір типті батареяларды пайдаланыңыз.

2 x 1,5 В R20/UM1/D батареясын (жинаққа кірмейді) суретте көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.



Қуатты қосу

Жинақтағы AC зарядтау кабелін мынаған қосыңыз:

- негізгі құрылғыдағы AC MAINS ұясы.
- қабырға розеткасы.




Сақтық ескерту

- Өнімнің зақымдалуы қаупі бар! Қуат кернеуінің портативті радиоқабылдағыштың артында немесе астыңғы жағында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Қуат сымын розеткадан ажыратқан кезде әрқашан ашаны розеткадан суырыңыз. Сымнан ешқашан тартпаңыз.



Ескертпе

- Зауыттық тақта портативті радиоқабылдағыштың төменгі жағында орналасқан.



4 FM/AM радиосын тыңдай аласыз



Ескертпе

- Радио кедергілерді болдырмау үшін портативті радиоқабылдағышты басқа электрондық құрылғылардан алшақ ұстаңыз.
- Радио қабылдауы жақсырақ болуы үшін, FM антеннасын толығымен кеңейтіп, орналасу күйін реттеңіз.

Радио станцияларға баптау

- 1 Жинақты қосу үшін дыбыс деңгейі/қосу/өшіру реттегішін бұраңыз.
- 2 Диапазон ауыстырып-қосқышын **FM** немесе **AM** ретінде орнатыңыз.
- 3 **TUNING** реттегішімен өз станцияңызды таңдаңыз.
- 4 Радионы өшіру үшін Дыбыс деңгейі/қосу/өшіру реттегішін **OFF** күйіне бұрыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейі/қосу/өшіру реттегішімен дыбысты реттеңіз.

Құлаққаптарды қосу

Құлаққаптарды құлаққап ұяшығына қосуға болады.

-> Одан кейін динамиктер өшіріледі.

Үнді реттеу

Үн ауыстырып-қосқышын **News** немесе **Music** режиміне орнатыңыз.

5 Өнім туралы ақпарат

 Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Қуат

Батарея түрі	D ӨЛШЕМИ(LR20)
Батарея кернеуі	1,5 В
Батареялардың саны	2
АС кірісі	220-240 В 50-60 Гц

Тюнер/қабылдау/тасымалдау

Тюнер диапазондары	FM 88 - 108 МГц AM 520 - 1710 КГц
--------------------	--------------------------------------

Дыбыс

Дыбыс жүйесі	Моно
Дыбыс реттегіші	Айналмалы (баламалы)
Шығыс қуат	300 мВт RMS

Қосылым

Аудио/бейне шығысы	Құлаққаптар (3,5 мм)
--------------------	----------------------

Жалпы ақпарат

Өлшемдері (Е x Б x Д)	210 x 149,5 x 67 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	668 g

6 Ақаулықтарды жою

 Ескерту

- Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдікті жарамды күйде ұстау үшін өнімді ешқашан өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Осы құрылғыны пайдалану кезінде мәселелер орын алса, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының маңайда болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмірдің қолжетімді болуын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнымалы ток қуат ашасының дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
 - АТ розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
 - Батареялар разрядталған немесе дұрыс салынбаған болуы мүмкін.
- > (Жаңа) бетереяларды дұрыс салыңыз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеу.
- Құлаққаптардың жинаққа қосылып-қосылмағанын тексеріңіз. Егер қосылған болса, құлаққаптарды ажыратыңыз.

Радио қабылдауы нашар

- Антеннаны толықтай созып, оның орналасу күйін реттеңіз.



2024 © MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған. Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Philips және Philips Shield Emblem Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның аффилиаттарының бірі өндірген және солардың жауапкершілігі бойынша сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

TAR2509_UM_V1.0

